



Абай № 1

2024ж

Қостанай қаласының құрылғанына –
145 жыл. (1879)

Аманат партиясына – 25 жыл (1999)

1 қаңтар қазақтың алғашқы кәсіби
суретшісі Әбілхан Қастеевтің
туғанына 120 жыл (1904- 1973)

4 ақпан ақын, драматург Әбділда
Тәжібаевтың туғанына 115 жыл
(1909-1998)

8 наурыз ҚР Халық әртісі
Ә.Өмірзақованың туғанына 105 жыл
(1919-2006)

20 сәуір ҰОС батыры Әлия
Молдағұлованың туғанына 100 жыл
(1924- 1944)

5 мамыр – ақын, жазушы Ғаббас
Жұмабаевтің туғанына 100 жыл
(1924 – 1980)

14 мамыр – ақын, жазушы Льяс
Жансүгіровтың туғанына 130 жыл
(1894- 1838)

15 маусым ақын Әбдікәрім Ахметовтың
туғанына 100 жыл.
(1924-1983)

Рейхстагқа ту тіккен батыр

*Халық қаһарманы Рақымжан
Қошқарбаевтың туғанына 100
жыл. (1924 – 1988)*



1924 жылы Ақмола облысында дүниеге келген.

Берлин операциясы кезінде 30 сәуірде Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті.

Кітаптар тұрған үй Кітапханаға оқырман қабылдау



Абай негізгі мектебінің
1 сынып оқушылары
кітапханаға оқырман
ретінде қабылданды.

Оқушылар кітапхана
ережелерімен
танысты. Викториналық
сұрақтарға жауап
берді. Журналдар мен
кітаптарды алып, оқып
және үйде оқуға алды.

Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл

1924-1944

Әлия Молдағұлова 1924 жылы 25 қазанда
Ақтөбе облысының Қобды ауданына қарайтын
Бұлақ ауылында дүниеге келген. 1944 жылы 4
маусымда СССР Жоғарғы Советі
Президиумының Жарлығымен Әлия
Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы
берілді.



«Балар кітабы апталығы»



Биыл Корней Иванович Чуковскийдің туғанына 120 жыл. Ол бірнеше ертегілердің және тақпақтардың авторы.

Осы мерейлі күнге орай кітапханада әдеби ойын өтті. Балалар жазушының өмірбаяны мен және шығармашылығымен танысты.

Жастар, экономика, құқық



Абай негізгі орта мектебінің 7 а сынып оқушыларына қоғамның экономикалық заңдылықтарымен таныстырылды. Кітапханашы «Бала құқығы туралы Халықаралық конвенция» және Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары мен міндеттері туралы мәлімет берді. Іс – шара барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу туралы айтылды және бірнеше ситуациялық сұрақтарға жауап алды. Экономика адамның өз қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ресурстарды қалай бөлетінін зерттейтін ғылым. Экономиканың негізгі қызметі адамдардың өмір сүру салтын жақсарту. Оқушылар осы экономика тақырыбына арналған экономикалық есептер шығарып, экономикалық терминдердің мағынасын түсіндірді.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке.

Мереке 1996 жылдан бастап тойланады.1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан президенті Жарлығы бойынша 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды.



Жыр болып ағып,жұлдызға қанат жаятын.

Ақын Ғаббас Жұмабаевтың туғанына 100 жыл.(1924-1980)



Ақын Ғаббас Жұмабаев 1924 жылы 5 мамырда Қостанай облысы, Меңдіқара ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген.Тұңғыш өлеңдер жинағы «Нәсер»1959 жылы жарық көрген.Ж.Л.Толстойдың «Крейсер сонатасы»повесі мен бірнеше әңгімелерін,К.Хетагуровтың өлеңдер жинағын,Г.Х.Андерсеннің ертегілер кітабын қазақшаға аударған.Бірнеше медальдармен марапатталған.

Отбасы шағын мемлекет



15 мамыр Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1993 жылы бекіткен Халықаралық отбасы күні аталып өтіледі. Осы мерекеге орай Абай ауылының тұрғыны Телеубаевтар отбасына барып, құттықтадым. Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп, 12 немере сүйіп отырған аяулы әже, ардақты ата. «Бақытты отбасының сыры неде» деген сұраққа «Отбасы мүшелерінің бір – біріне деген сыйластығы мен мейірімділігінде» деп жауап берді Сәуле Мұратбековна.

4 маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні



Дайындаған Ансабаева Р.Ш